

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ
ЖҮЙЕСІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ**

2018 ЖЫЛҒЫ 1 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША

АЛМАТЫ 2018 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 1 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

ОСЫ ШОЛУДЫҢ МАҚСАТЫ

Осы шолу Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің даму динамикасын және елдегі экономикалық жай-күйіне әсерін көрсетуге бағытталған.

СИПАТТАМА

Шолу жинақтаушы зейнетақы жүйесінің көрсеткіштеріндегі негізгі өзгерістерді көрсететін кестелер мен графиктер, сондай-ақ сипаттамалық бөлігі түрінде берілген:

- Салымшыларының (алушыларының) санын сипаттау;
- Зейнетақы жинақтарын сипаттау;
- Зейнетақы төлемдерін сипаттау;
- Зейнетақы секторының ролін сипаттау;
- Зейнетақы активтердің құрылымын сипаттау.

Көлемі: 7 бет

Кестелер саны: 5

Графиктер саны: 4

Кезеңділігі: ай сайын жаңарту

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

- 1-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылары (алушылары)
- 2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары
- 1-график. Зейнетақы жарналарының, зейнетақы жинақтарының және инвестициялық кірістің өзгеру динамикасы
- 3-кесте. Зейнетақы төлемдері

II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ РӨЛІ

- 4-кесте. Қазақстан Республикасы экономикасындағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің рөлі
- 2-график. Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасының өзгеру динамикасы

III. ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

- 3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы
- 5-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы
- 4-график. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Бүгінгі күнде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

Салымшыларының (алушыларының) саны

2018 жылдың басымен салыстырғанда 2018 жылғы 1 желтоқсанда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 134 144 бірлікке көбейіп (1,4%), 9 565 566 болды, ерікті зейнетақы жарналары бойынша – 1 068 бірлікке көбейіп (3,0%), 36 541 болды, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша – 27 353 бірлікке көбейіп (6,3%), 459 241 болды.

Зейнетақы жинақтарының жиынтық көлемі

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2018 жылдың басынан бастап 1 351,1 млрд. теңгеге (17,4%) ұлғайып, 2018 жылғы 1 желтоқсанда 9 131,8 млрд. теңге болды. 2018 жылдың 11 айындағы «таза» инвестициялық кіріс 746,8 млрд. теңгеге немесе 26,9%-ға өсті.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2018 жылдың 11 айында 156,0 млрд. теңгеге немесе 14,8%-ға ұлғайып, 2018 жылғы 1 желтоқсанда 1 207,5 млрд. теңге болды.

№974 Қағидаларға¹ сәйкес қызметшілердің (әскери қызметшілердің) пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызын қайтару жүзеге асырылуда. Осылайша, 2018 жылғы 1 қарашаға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызын қайтарудың жалпы сомасы 148,4 млрд. теңге болды.

Макроэкономикалық көрсеткіштері

ЖІӨ 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 53 101,3 млрд.теңге.

Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы – 14,7%.

Зейнетақы активтерінің құрылымы

2018 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2018 жылдың басынан 1 528,3 млрд. теңгеге немесе 19,6%-ға ұлғайып, 9 312,6 млрд. теңге болды. 2017 жылғы 1 желтоқсан – 2018 жылғы 1 желтоқсан аралығындағы кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық ұлғаюы 136,4 млрд. теңге болды.

Инвестициялық портфелінің негізгі үлесіне бұрынғыша Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары ие (инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен, тиісінше 44,8% және 28,9%).

¹ «Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызын қайтару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 974 қаулысы.

I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

1-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылары (алушылары)

Салымшыларының (алушыларының) саны ²	1.01.18	1.12.18	Ауытқу (%-бен)
пайдасына міндетті зейнетақы жарналары енгізілген	9 431 422	9 565 566	1,4
пайдасына ерікті зейнетақы жарналары енгізілген	35 473	36 541	3,0
пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары енгізілген	431 888	459 241	6,3


2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

(млрд. теңге)

Көрсеткіш	1.01.18	1.12.18	Ауытқу (%-бен)
Зейнетақы жинақтары, оның ішінде	7 780,7	9 131,8	17,4
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	7 636,6	8 939,1	17,1
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	1,7	1,8	5,9
міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	142,4	190,9	34,1
Зейнетақы жарналары	5 681,5	6 440,5	13,4
«Таза» инвестициялық кіріс	2 774,9	3 521,7	26,9

1-график. Зейнетақы жарналарының, зейнетақы жинақтарының және инвестициялық кірістің өзгеру динамикасы

(млрд. теңге)



² Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны зейнетақы жинақтары жоқ жеке зейнетақы шоттарын есепке алусыз көрсетілген. 2018 жылғы 1 желтоқсанда зейнетақы жинақтары жоқ жеке зейнетақы шоттарының саны міндетті зейнетақы жарналары бойынша – 278 559, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша – 17 251, ерікті зейнетақы жарналары бойынша – 10 826 бірлік болды.

3-кесте. Зейнетақы төлемдері

(млрд. теңге)


Көрсеткіш	1.01.18	1.12.18	Ауытқу (%-бен)
Зейнетақы төлемдері, оның ішінде	1 051,5	1 207,5	14,8
зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес алушылардың зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару	170,0	192,2	13,1

II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ РӨЛІ

4-кесте. Қазақстан Республикасы экономикасындағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің рөлі

Көрсеткіш	1.01.18
ЖІӨ, млрд.теңге	53 101,3 ³
Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	14,7


2-график. Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасының өзгеру динамикасы



III. ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ КӨЛЕМІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

(млрд. теңге)



³ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің жедел мәліметтері (stat.gov.kz).

5-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы

(млрд. теңге)

Қаржы құралдары	1.01.18		1.12.18	
	Сомасы	Үлесі (%-бен)	Сомасы	Үлесі (%-бен)
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	3 598,7	46,2	4 173,4	44,8
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	2 997,0	38,5	3 498,6	37,6
Ұлттық Банктің ноттары	601,7	7,7	674,8	7,2
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0,0	0,0	0,0	0,0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	121,4	1,6	285,2	3,1
акциялар	23,7	0,3	20,9	0,2
облигациялар	97,7	1,3	264,3	2,9
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	172,6	2,2	171,0	1,8
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	948,8	12,2	1 186,3	12,7
Тазартылған алтын	0,0	0,0	0,0	0,0
Қазақстан Республикасының эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	2 280,6	29,3	2 692,1	28,9
акциялар	184,1	2,4	216,3	2,3
облигациялар, оның ішінде:	2 096,5	26,9	2 475,8	26,6
шетел валютасында номинирленген	303,3	3,9	248,1	2,7
теңгеде номинирленген	1 793,2	23,0	2 227,7	23,9
ноттар	0,0	0,0	0,0	0,0
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	603,2	7,8	679,4	7,3
Сыртқы басқарудағы активтер	0,0	0,0	79,9	0,9
Туынды қаржы құралдары	0,0	0,0	0,0	0,0
Ақшалай қаражат және басқа активтер	59,0	0,8	45,3	0,5
Жиынтығы	7 784,3	100,0	9 312,6	100,0

4-график. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы

